

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді талдау анықтамасы

**ШЖҚ КМК «Дамбы медициналық - санитариялық алғашқы көмек орталығы»
2025 жылдың 6 айы бойынша ішкі тәуекелдерді талдау нәтижелері**

2025 жылғы 27 маусымдағы № 125 бұйрығына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі тәуекелдерді талдау бойынша жұмыс құрамы:

- 1) Айтмағанбетова Б.А. – Пациенттерді қолдау қызметінің дәрігері;
- 2) Кенжетаева К.К. – психолог маманы;
- 3) Бекетова Л.Т. – бас есепші;
- 4) Айсиева Ш.Б. – мемлекеттік сатып алу маманы;
- 5) Жарилгасинова А.Д. - комплаенс қызметкері;

Талдау түрі: Кәсіпорын қызметіне әсер ететін нормативтік-құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдаудың мақсаты мен міндеті: ішкі талдау нәтижелері бойынша ШЖҚ КМК «Дамбы медициналық - санитариялық алғашқы көмек орталығы» сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау мерзімі: 05.01.2025-30.06.2025 жыл.

Қысқаша мекеме туралы мәлімдеме: Дамбы медициналық - санитариялық алғашқы көмек орталығы латориясы Атырау селосында Атырау қаласынан 20-22 км қашықтықта орналасқан.

Дамбы медициналық - санитариялық алғашқы көмек орталығы Атырау және Дамбы селосының округтеріне қарасты елді мекендеріне: Зарослый ауылы, Жаңаталап, Атырау, Құрманғазы, Амангелді, Дамбы селолары және Пешной аралдарының тұрғындарына алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетеді.

Дамбы медициналық - санитариялық алғашқы көмек орталығы мемлекеттік лицензияларға сәйкес: Халыққа дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық-санитарлық көмек, жалпы дәрігерлік көмек, акушерлік-гинекология, рентген, стоматология, физиотерапия, клиникалық лаборатория, күндізгі 15 төсектік аурухана, реабилитация қызметтерін көрсетеді. Қызмет көрсету радиусы 10-30 км дейін. Дамбы дәрігерлік амбулаториясының қызмет көрсететін халқының саны - 15278. Сонымен қатар, Дамбы медициналық - санитариялық алғашқы көмек орталығына қарасты ДА «Амангелді» және ДА «Жаңаталап» жұмыс жасайды.

Дамбы МСАК орталығының қызметін зерделеу барысында Кәсіпорын өз қызметін кәсіпорын Жарғысына сәйкес жүзеге асыратыны анықталды. Сонымен

қатар, кәсіпорын қызметкерлері өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде келесі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

- 30.08.1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» Кодексі;
- Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі;
- Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V заңы;
- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 04 желтоқсандағы № 434-V заңы;
- Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V заңы;
- Қазақстан Республикасының «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» 2015 жылғы 16 қарашадағы № 405 заңы;
- Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 06 сәуірдегі № 480 заңы;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы» 2021 жылғы 05 тамыздағы № 75 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-90 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» № ҚР ДСМ-175 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы «Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-27 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-305 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 30 наурыздағы «Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-49 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңы, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» Заңы.
Жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілерде Ұйымның қызметін қозғайтын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететіндер белгіленбеген.

1. Персоналды басқару қызметі

Дамбы МСАК орталығында штаттық кестеге сәйкес 141,75 бірлік қарастырылған. Мониторинг жүргізу сәтінде барлық жұмыс жасайтын адам саны-135. Олардың ішінде: дәрігерлер -14 (олардың 2-і декреттік демалыста); орта буын медицина қызметкерлер-67 (олардың 7-і декреттік демалыста); басқа персоналдар – 41 және толық емес жұмыс орындар бойынша қосымша қызметкерлер (совместители)- 13.

2025 жылдың қаңтар-маусым айларында 9 адам жұмысқа орналасып, 6 адам өз еркі бастамасымен жұмыстан босатылды. Теріс себептермен жұмыстан шығарылғандар жоқ.

Дамбы МСАК орталығында дәрігер мамандарының жетіспеушілігі - 20% (ЖТД дәрігер – 1; Дәрігер стоматолог -1) құрап отыр. Қажетті мамандар сұранысы «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталы арқылы, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті орган арқылы жүзеге асырылып отырады.

Тексеру кезеңінде жоғары медициналық білімі бар мамандарға, орта медициналық білімі бар мамандарға санат беру туралы куәліктер мен куәліктерді тексеру барысында Қазақстан Республикасының «Электрондық лицензиялау» порталында жалған рұқсат беру құжаттары анықталған жоқ.

Дамбы МСАК орталығы барлық қызметкерлері атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Бұрын жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Қызметкерлердің еңбек өтілдерін тексеру бойынша кемшіліктер болған жоқ, еңбек демалысы бекітілген кесте бойынша беріледі.

Мамандарды оқыту мен біліктілігін арттыру бекітілген жоспар арқылы Қазақстан Республикасының стандарттарына сәйкес уақытылы орындалып отыр.

2025 жылдың 6 айы бойына 12-қызметкер білім жетілдіру курстарынан өтті.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша теріс әрекеттер және мүдделер қақтығысы,

қызметкерлердің басшыға немесе оның орынбасарына қатысты қарсы фактілер анықталған жоқ. Ұжым тұрақты жұмыс істейді.

2. Мемлекеттік сатып алу.

Мемлекеттік сатып алудың бекітілген жоспарына сәйкес 2025 жылдың 6 айы ішінде баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – 106, конкурс тәсілімен – 0, ФЛК тізіміне сәйкес бір көзден – 12. Барлық лоттар саны – 300, Барлық жасақталған келісім шарттар – 100.

Мемлекеттік сатып алу кезіндегі бұзушылықтар:

Камералық бақылау – 0;

Сот кабинеті арқылы берілген арыз бойынша – 8.

Мемлекеттік сатып алу бойынша 2025 жылға сатып алуға жоспарланған қаржы – 98 462 938,24 теңге, 6 айға игерілгені – 43 770 205,08 теңге.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағытында Мемлекеттік сатып алу бойынша мүдделер қақтығысы, қызметкерлердің жеткізушілерімен және мемлекеттік сатып алуға қатысушылармен үлестестігі фактілері анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету:

Мемлекеттік қызметтерді көрсету стандарттарына сәйкес 2025 жылдың 6 айы бойына емханада - 36411 дәрігерлік қабылдау болса, үйден қарау қызметі бойынша – 4281 қызмет көрсетілді. Еңбекке жарамсыздық бетшесін беру бойынша 2025 жылдың 6 айына - 1118 парақша берілді. Барлығы да электронды түрде медициналық ақпараттық жүйесіне тіркелінген. Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде пациенттерге стационарға емделуге жатқызуға берілген жолдамалар – 655. Азаматтардың жекеленген санаттарына дәрілік заттарды, бейімделген емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды беру бойынша – 3489. Алғашқы медициналық көмек көрсететін медициналық ұйымдарға тіркелу бойынша – 757. Санаторлық-курорттық емдеу қажеттілігі туралы қорытынды беру - 187. Көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша келіп түскен шағымдар жоқ.

4. Медициналық қызметкерлер жұмысы:

2025 жылдың 6 айында медицина қызметкерлері арасынан қызметтік міндеттерін атқару барысында туындауы мүмкін: пара, сыйақы алу, бопсалау бойынша бірде-бір қызметкер қылмыстық фактілер жасамады.

2025 жылдың 6 айына қызметкерлерге қолданылған тәртіптік шаралар болған жоқ. Науқастар тарапынан қызметкерлердің пара алу, сыйлық алу, бопсалау сияқты шағымдар түскен жоқ.

Есеп бөлімі бойынша

Ақша түсімдері 2025 жыл	
ФАО НАО "Фонд социального медицинского страхования	349 904 395,86
Ақшаны кәдеге жарату	349 398 388,45
Еңбек ақы	197 650 515,87
Салықтар	26 907 608,72
Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар	3 600 600,00
Азық-түлік 5аты палу (ФКУ)	6 763 230,64
Азық-түлік 5аты палу (СҮТ)	5 657 749,31
АПП медициналық қызмет көрсету	56 744 598,64
Дәрілік заттарды және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу	6 029 985,08
Интернет, абонементтік төлем	4 879 639,65
Амбулаторияға керек жарақ тауарлар	5 473 550,91
Қызметкерлерді оқытуға	978 900,00
Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу	3 579 168,09
Өзгеде көрсетілген қызметтерге	26 066 348,92
СКПН қаңтар-наурыз айлары 2025ж.	5 066 492,62

Дамбы МСАК орталығының кредиторлық берешегі:

Статьи расходов	За 2025 года
Итого	138 671 118,36
Оплата труда	11 797 508,71
Налоги, взносы и отчисления от ФОТ	27 397 759,93
Продукты питания	2431124,66
Приобретение ЛС и ИМН всего, в т.ч.:	8123235,77
СК Фармации	4 317 985,77
прочие поставщики ЛС и ИМН	3 805 250,00
Оплата коммунальных услуг	
Приобретение ОС и НМА	
Услуги АПП 2025	80 612 476,61
Услуги АПП 2024	8 309 012,68

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмыстарын тиімді жүргізу мақсатында тоқсан сайын қызметкерлер арасында дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізіліп отырады.

Амбулаторияда азаматтардың өтінішін қабылдау үшін сенім телефоны жұмыс істейді. 24-72-47.

Директордың азаматтардың арыз-шағымы бойынша қабылдауы кестеге сәйкес жұмыс жасайды.

Азаматтардың өтініштері сонымен қатар мекеменің sub_atyrau@mail.kz электронды поштасы және www.dambava.kz сайты арқылы қабылданады.

Дамбы дәрігерлік амбулаториясы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша 2025 жылдың 6 айы нәтижелеріне сәйкес Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінен туындаған іс-әрекеттер болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және болдырмау бойынша ұсыныстар:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қауіпі жоғары және мүдделер қақтығысына жататын қызметке тұрақты ішкі бақылау;
2. Ұжымда «адал еңбек ету» мәдениетін қалыптастыру;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы семинар, кеңестерді кемінде тоқсан сайын үнемі өткізу;
4. Лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі туралы семинарлар өткізу;
5. Нормативтік-құқықтық құжаттамалармен (бұйрықтар, заңдар) ұжымды үнемі таныстыру;
6. Емхананың жалпыға қол жетімді орындарына жауапты тұлғалардың, байланыс телефон номерлерімен көрсетілген плакаттарды орналастыру.

Айтмағанбетова Б.А. – Пациенттерді қолдау қызметінің дәрігері _____

Кенжетаева К.К. – психолог маманы _____

Бекетова Л.Т. – бас есепші _____

Айсиева Ш.Б. – мемлекеттік сатып алу маманы _____

Жарилгасинова А.Д. - комплаенс қызметкері _____